

МЕРЕЙТОЙ

Қазақстан-Америка еркін университеті 20 жылдығын атап өтті

Мейрамтай Иманғали

Кеше облыс әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Өскемендегі Қазақстан-Америка еркін университетінің кеңейтілген ғылыми кеңесінің салтанатты отырысына қатысып, аталған оқу орнының ұстаздары мен шәкірттерін 20 жылдық мерейтоймен құттықтады.

(Соңы 3-бетте)

Қазақстан-Америка ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ 20 ЖЫЛДЫҒЫН атап өтті



(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздегі халықаралық серіктестігі бар екеменшік жоғары оқу орны болып санала-

тын Қазақстан-Америка еркін университетінің тарихы 1994 жылдан бастау алады. Сол жылы Өскеменде ашылған Экономика және

гуманитарлық ғылымдардың халықаралық жоғары колледжінің ашылу салтанатына мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ өзі қатысқан болатын. Арада бес жыл өткенде колледждің алғашқы түлектері Елбасының қолынан диплом алады. Бүгінгі күні университет осынау жиырма жыл ішінде атқарған шаруаны тағы бір електен өткізіп, баға беріп, алдағы атқарар жұмыстарын жоспарлауда.

Жиырма жыл, әрине, аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде аталған оқу орны он мыңнан аса маман әзірлесе, олардың 4 мыңы ағылшын тілін еркін меңгергендер. 625 студент пен магистр, докторанттар халықаралық бағдарламаларға қатысып, АҚШ-қа барып, іс-тәжірибеден өткен. 10 студент «Болашақ» бағдарламасының стипендианты атанған. Сондай-ақ, осы уақыт аралығында университет қабырғасында 455 шетелдік ғалым дәріс оқыпты.

Университеттің жиырма жыл ішінде ел экономикасы, оның ішінде облыс игілігі жолындағы еңбегін өз сөзінде облыс басшысы Бердібек САПАРБАЕВ та ерекше атап айтты.

— Әрбір мемлекеттің болашағы оның білімді азаматтарына байланысты. Осыдан жиырма жыл бұрын құрылған Қазақстан-Америка еркін университетінің Қазақстанның, облыстың экономикасының дамуына қосқан үлесі орасан, — деген аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ университет басшылығы мен оқытушыларға алғысын білдіріп оқу орнының

үздік қызметкерлеріне төсбелгілер мен грамоталар, алғыс хаттар табыс етті.

Олардың ішінде ҚАЕУ-нің вице-президенті, АҚШ азаматы Бэлласт Дэниел Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгіні кеудесіне қадады.

Салтанатты жиында осы университетпен қоян-қолтық жұмыс істеп жүрген АҚШ азаматтары да сөз алды. Олардың қай-қайсысы болмасын университеттің еліміздің жоғары білім беруге қосқан үлесін ерекше атап айтты.

— Бұл — болашақтың университеті, — деді «Қазақстанның білім беру саласының үздігі», АҚШ азаматы Маршалл Кристенсен.

Бүгінде әлемнің әр қиырында еңбек етіп жүрген университеттің әр жылдардағы түлектері де, бейнебаян арқылы өз құттықтауларын жолдады. Олар қай жерде жүрсе де, өздері оқыған оқу орны мен туған жерлері Шығыс Қазақстанды ұмытпақ емес.

Университетті 20 жылдық мерейтоймен құттықтаған жеделхаттар легі де бұл күні еш толастаған жоқ. Олардың арасында Білім және ғылым министрі А.Сәріпжөповтің, Астана қаласының әкімі И.Тасмағанбетовтың жеделхаттары бар.

Бұл күн шынында ҚАЕУ-дің күні болды. Бір атап айтарлығы, ҚАЕУ-нің негізін салушы, ҚАЕУ-нің президенті Ережел Мәмбетқазиевтің ректорлық қызметінің 30 жылдығы да дәл осы мерейтоймен тұспа-тұс келіп отырған көрінеді.